

2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы:1995.-135б.
3. Ә.Нұршайықов «Бауыржан Момышұлы», Алматы - Кітап баспасы 1999ж.
4. Садықов К.И., Кожамжаров Е.Ж. «Спорт. Жастар. Тәрбие». Аймақтық ғылыми- тәжірбиелік конференцияның материалдары. - 23 қараша 2018ж. - 128-131ББ.
5. Бектуров А.К. «Идеология патриотизма-мысль», 1999. - 12-14-с.
6. Садықов К.И., Садыкова А.Е., Саликов Ж.К «Дене шынықтыру және спорт саласындағы дәстүрлер мен инновациялар». Республикалық ғылыми - тәжірбиелік конференцияның (халықаралық қатысумен) материалдары. - 10 қазан 2019ж. - 170-174ББ.

Сармантаев А.С., п.ғ.м., аға оқытушы
Ишанов П.З., п.ғ.к., PhD, профессор
Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды
Сүлейменов А.М., дене шынықтыру мұғалімі
Абай Құнанбайұлы атындағы 87 мектеп гимназиясы, Қарағанды
Сутемгенов Ж.Б., дене шынықтыру оқытушысы
Ж.К.Букенов атындағы Қарағанды банк колледжі, Қарағанды

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІН ҰЛТТЫҚ-ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Аннотация: Мақала мазмұнында авторлар мектептегі денешынықтыру сабағы оқушылардың денсаулығын дұрыс қалыптастыру мен салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейтіндігін негіздеп, оқушының дара қабілеттерін айқындауға, өздігінен жетілуіне ықпал етуге бағытталған, оның тән мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушы бағыттағы дене жаттығуларымен қаруландыру – бұның бәрі мектепте дене тәрбиесі пәнін оқытудың басты мақсаты екендігін айқындап, оқушылардың танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұнын талдаған.

Кілт сөздер: білім беру, бастауыш мектеп, оқушы, оқытушы, танымдық белсенділік, ұлттық-қозғалмалы ойындар, қалыптастыру, оқу-тәрбие үдерісі, әдіс-тәсілдер, мазмұн.

Sarmantaev A.S., master of pedagogical sciences, Senior Lecturer
Ishanov P.Z., PhD doctor, professor
Karaganda Buketov University
Suleymenov A.M., physical education teacher
87th school gymnasium named after Abay Kunanbayuly
Sutemgenov Zh.B., physical education teacher
Karaganda banking college named after Zh. K. Bukenov, Karaganda

Annotation: In the content of the article, the authors justify the fact that the school physical education lesson educates students to maintain a healthy lifestyle and health, is aimed at determining the student's individual abilities, contributing to his self-improvement, forming his physical culture, arming him with general developmental physical exercises - all this is the main goal of teaching the subject of physical education at school. and analyzed the content of formation of students' cognitive activities through national-moving games.

Keywords: education, primary school, student, teacher, cognitive activity, national-moving games, formation, educational process, methods, content.

Елімізді дамыған озық елдердің қатарына жеткізетін білім екені белгілі. Сондықтан бүгінгі күні білім берудің мақсаты – білім мазмұнын жаңарту және оқытудың формалары,

әдіс-тәсілдері мен құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, оқушылардың білім нәтижелерін жетілдіру.

Білім беру мазмұнын жаңарту – оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастырып, жарқын болашаққа негіздеп сапалы білім беру. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Адамның бәсекеге қабілеттілігі ұлт жетістігінің факторы болып табылады. Сондықтан әрбір қазақстандық жаһандық сын-тегеуріндерге, заманауи технологияларға, еңбек нарығының өзгермелі талаптарына және жаңа кәсіптерге табысты бейімделу үшін қажетті құзіреттілікке ие болуы қажет. Ұлттық кодты сақтап, еліміздің мәдениетін ескеруіміз керек. Патриоттық тәрбиенің ерекшелігі білім алушыларда белсенді азаматтық ұстаным мен өзінің үлкен және кіші отанының тарихына мәдениетіне, салт-дәстүріне деген құрмет сезімін қалыптастыру болмақ» деп атап көрсеткендей, бүгінгі таңда оқу барысында мектеп оқушыларының бойында ұлттық патриоттық идеясын және рухани-адамгершілік құндылықтарын мен салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білімге көшуді талап етеді [1].

Сондай-ақ, Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын оқушылардың сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деген жолдары білім және ғылым саласына ұдайы көңіл бөліп, бұл мәселе назардан тыс қалмайтынының дәлелі екені сөзсіз [2].

Сонымен қатар «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында (17 қаңтар, 2014 жыл): «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруге тиіс» деген болатын [3].

Міне, қазіргі таңда білім беру жүйесінде осы Жолдауға орай, Қазақстан Республикасы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, бастауыш білімге арналған оқу бағдарламасы, жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген басты құжаттармен жұмыстар жасалып жатыр. Сөйтіп, қазіргі кезде білім беру жүйесіне оқытудың жаңа технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың тәжірибесі мектеп өміріне енуде, әрі білім жүйесіндегі оқыту үдерісін жаңа мазмұнға негіздеу міндеті тұр. Яғни білім беру жүйесіндегі өзгерістердің бірі – жаңартылған білім беру мазмұнына толығымен көшу және оқыту пәндерінің мазмұнын сол талаптарға сәйкестендіру..

Осы бағытта, біздің зерттеуіміз бойынша, мектептегі денешынықтыру сабағы оқушылардың денсаулығын дұрыс қалыптастыру мен салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейді. Сондай-ақ, денсаулықты нығайту, шынықтыру, ағзаның дұрыс жетілуіне әсер ету, қимыл дағдыларын қалыптастыру, төзімділікке, ептілікке, табандылыққа үйретуде ұстаздың жаңа формалар мен әдіс-тәсілдерін шеберлікпен, жауапкершілікпен қолдануын талап етеді әрі әр сабақта жаңа технологияны тиімді, ұтымды пайдалану келешек ұрпақтың дене тәрбиесін лайықты қамтамасыз ету үшін керек. Сонымен қатар қазір барлық білім беру орындары оқушылардың, жасөспірімдердің, жастардың денсаулықтарын нығайтуды әрі физикалық тұрғыдан жан-жақты жетілуін және белсенді өмір ұстанымдарын дамытуды көздейді.

Сондай-ақ, қазіргі таңда жалпы білім беру саласындағы негізгі әрі басты міндет – бәсекеге қабілетті сапалы білім беру, білім жүйесі дамыған алдыңғы қатардағы елдердің деңгейімен теңесу. Дамыған елу елдің қатарына кіру үшін де бәсекеге қабілетті білім болу керек екені айдан анық. Білім беру ордаларының негізгі мақсат, міндеттері осы принципке орай ұйымдастырылады.

Оқушының дара қабілеттерін айқындауға, өздігінен жетілуіне ықпал етуге бағытталған, оның тән мәдениетін қалыптастыру, жалпы дамытушы бағыттағы дене жаттығуларымен қаруландыру – бұның бәрі мектепте дене тәрбиесі пәнін оқытудың басты мақсаты.

Демек, біздің ойымызша, осы өзгерістерді енгізуде, біз анықтаған бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары тиімді нәтиже береді деп тұжырымдаймыз.

Жоғары тарауда көрсетілген педагогикалық шарттарды жүзеге асыру мақсатында, біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дене шынықтыру сабақтарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың мазмұнын талдадық, яғни дене шынықтыру пәнін бағдарламасының міндеттері мен ерекшеліктеріне назар аудардық.

Бастауыш мектепте дене шынықтыру пәнін оқытудың басты міндеттері:

– оқушылардың дене жаттығуларымен айналысудың мәдени-тарихи, физиологиялық негіздері туралы білімдерін қалыптастыру;

– оқушылардың сабақ кезінде саналы түрде жасаған қимыл-қозғалыстары мен жаттығуларының ағзаға сауықтыру әсерін тигізуіне жағдай жасау, оларды орындау барысында дене мүшелеріне нақтылы ықпал ету жолдарына үйрету;

– оқушының қимыл әрекетін дамыта отырып, таныс жаттығуларды күрделендіріп, жаңа жаттығуларды үйрету арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін жинақтау;

– оқушының дене бітімін дене жаттығуларын орындау біліктілігін арттыру арқылы қалыптастыру, қимыл-қозғалыс мәдениетін, қабілеттерін жетілдіру;

– өз беттерінше дене жаттығуларымен айналысуға жағдай жасау, ұйымдастырушылық біліктілігін қалыптастыру.

Бастауыш мектепте дене шынықтыру сабағын жүргізудің ерекшеліктері мынадай:

1. Бастауыш сынып оқушыларына үйрететін жаттығулар жүгіру, секіру, жүру, өрмелеу, лақтыру сияқты қимыл-әрекеттерді жетілдіру түрінде болады.

2. Бастауыш сынып оқушыларының физикалық шамасына қарай, бір сабақта жаңа оқу материалын меңгеруде екі-үш міндетін орындатса жеткілікті болады.

3. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай табан бұлшық еттерін нығайту және денесін түзу қалыптастыруға арналған жаттығуларды таңдағанда ерекше көңіл беру керек.

4. Сабақ барысында қозғалмалы ойындар ойнату міндетті. Үшінші, төртінші сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын өткізгенде ойын жаттығуларына 50% уақыт бөлу керек.

5. Бастауыш сынып оқушыларына негізгі жаттығулардың техникасын үйреткенде, жаттығудың дұрыс, қатесіз орындалуын қадағалаған абзал. Жаттығуды үйретумен бірге оқушының дене бітімін дамыту да назарда болу керек.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Ал осы орта білім мазмұнын жаңарту аясында бастауыш сынып мұғалімдеріне қойылатын талаптар төмендегідей:

– бастауыш білім беру сатысында пәндерді оқыту барысында жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеру;

– мұғалімдердің ізденісін, іскерлігін туғызу мақсатында шығармашылықпен жұмыс істеулеріне жол ашу;

– оқу мақсаттарына қол жеткізу барысында мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан жетілдіру;

– жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру;

– мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге онтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін формаларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді. Өйткені бастауыш сынып оқушыларымен дене шынықтыру сабағын жүргізудің өзіндік әдістемелік ерекшеліктері бар екенін баса айтқымыз келеді.

Бастауыш сынып оқушы тұлғасының әлеуметтік өмірге бейімделуі және оның жан дүниесінің дамуын қалыптастыратын, шынықтыратын іс-әрекеттің бірі – ойын әрекеті. Бастауыш сынып оқушыларының көп қимылдағысы келетіндіктен оларды біртектес, ұзақ ойналатын ойындар тез жалықтырып жібереді. Сондықтан бұл жерде ескерілетін жәйт - ойындар әр түрлі, демалу аралықтары қысқа болғаны дұрыс. Сонда ғана олар бірте-бірте жаттығуларды есте сақтайды және қызығып орындауға ықыластана бастайды.

Ойын әрекеті жалпы тіршілік етудің, өмір сүрудің негізгі формасы болып саналады, әрі ұрпаққа берілетін өмір тәжірибесінің нәтижесі деп айтуға болады. Сондықтан ойын әрекетін баланың кішкентай бұлдіршін кезінен бастап, баланың өсін-жетілуіндегі басты факторға айналдыру керек. Қазіргі кезде білім беруде ойын әрекетін мектеп оқушыларының білімі мен білік дағдыларын қалыптастыруда оқыту мақсатының негізгі бағыты екені бәрімізге мәлім.

Ыждаһаттылығы, орнықтылығы қалыптаса қоймаған бастауыш сынып оқушыларының оқуға қызығушылығын, оқу іс-әрекетін және белсенділіктерін арттыру үшін сабақта ойын элементтерін тиімді, ұтымды пайдалану керек. Ал әрбір пән мұғалімі сабақ барысында ойын түрлерін сабақтың мақсатына, оқушының жас ерекшелігіне, мазмұнына сай таңдауды үнемі назарда ұстауы қажет. Оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану арқылы оқушылардың өздігінен дамып жетілуге қабілетті тұлға қалыптастыру барысында таптырмас технология.

Ойын барысында оқушылардың танымдық белсенділіктері мен тапқырлық, шапшаңдық қасиеттері байқалады, әрі оқушы өзін еркін сезінеді. Сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүйенеді. Ойын үстінде бала қуанып та, ренжіп те әртүрлі эмоциялық күйге түседі. Ал ұлттық ойын түрлерін қазіргі уақытта әр сабақта қолданып, ұлттық тіл өрнектерін пайдалана білсе, қазіргі жеткіншек біле бермейтін ұғым – түсінігін өмірге жанастыра көңіл аудартса сол арқылы танымдық мақсат қойылады. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, адамгершілікке, ізгілікке, ұлттық тәлім – тәрбие беруге назар аударылады.

Сондықтан жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру сабағында тек бағдарламадағы ойын түрлері мен жаттығуларды ғана емес, ұлттық ойын түрлерін, әсіресе, ұлттық-қозғалмалы ойын түрлерін оқу жоспарына енгізу керек деген ойдамыз. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында [4], жеке тұлғаның дене бітімін қалыптастыру саналы түрде жас кезінен басталатыны, салауатты-тәрбиелік бағытының әдістемелік бағдарламаларын жетілдіру, дене тәрбиесі және спортты қазақ ұлттық қозғалмалы ойындары арқылы дамыту жолдары дене жаттығуларының өз бетінше жүргізілетін сабақтары арқылы жүзеге асатыны және оның алғы шарттары мен оларға жасалатын жағдайды жетілдіру жолдары қарастырылған.

Қазақ ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалмалы білік-дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларында қазақтың ұлттық спортына деген көзқарас қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйесі ретінде олардың танымдық белсенділігін, руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады.

Сондықтан ұлттық халық ойындарын бүгінгі оқушылар өміріне енгізу қазіргі заманда туындап отырған қажеттілік. Баланың танымы, түсінігі ойыннан бастау алады. Баланың дене бітімін ойын кезіндегі қимыл-қозғалысы жетілдірсе, ой-сананың дамуына іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ықпал етеді. Сондықтан дене шынықтыру сабағында оқушының қимыл қозғалыс дағдыларын жетілдіру мақсатында ұлттық ойындарды ойнату барысында әрбір баланың жеке тұлға екенін, оның қабілетінің де әртүрлі екенін үнемі есте сақтау керек [5].

Қазіргі кезде дене шынықтыру сабағының сапасын төмендететін факторлардың бірі – әдістемелік деңгейінің төмендігін басып айтып жүрген ғалымдар да бар [6].

Бүгінгі таңда дене жаттығуларының ұлттық түрі енгізілген сабақтардың ұйымдастырылуы мен әдістемесіне қоятын талап күшті. Дегенмен, күіі бүгінге дейін мектеп оқушыларының ұлттық ойындары мен дене жаттығулары бар сабақтарын ұйымдастыру нұсқауларының әдістемелік жағы жеткіліксіз.

Дене тәрбиесі мәселелерін қарастырып жүрген көптеген авторлар дене жаттығуларының ұлттық түрі бойынша жүргізілетін сабақтар мынадай міндеттерді шешуге:

- қимыл белсенділігін арттыруға;
- бұлшық еттерін нығайтуға;
- жүріс-тұрысын дұрыс қалыптастыруға;
- қимыл-әрекет қабілеттерін, жүгірудегі, қарғу мен лақтырудағы білік-дағдыларын игеруді кешенді дамытуға ықпал етін, септігін тигізетінін айтады.

Осы орайда, біз бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда оқыту процесінің мүмкіндіктерін анықтауға арналған педагогикалық-тәжірибе жұмысымызды анықтаушы, қалыптастырушы, қорыту деп үш кезенге бөліп жүргіздік.

Тәжірибенің алғашқы анықтаушы кезені мынадай мақсаттарды анықтауға бағытталды:

- бастауыш сынып оқушыларының ұлттық-қозғалмалы ойындардың түрлерін білу және оны дене шынықтыру сабағында қолдану деңгейін анықтау;
- бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабағында оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау;
- сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыруға байланысты мұғалімдердің дидактикалық дайындығын анықтау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысының анықтаушы кезеңінде модульдік технологияның келесі негізгі бағыттары іске асырылды:

1. Ағарту деңгейіміз оқушылардың жасына сәйкес әлеуметтік және педагогикалық құбылыстар саласындағы хабардар болуына бағытталған білім беру жұмысын білдіреді. Әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарға мыналар жатады: ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ұлттық ойындар саласындағы білім; әртүрлі ұлттық ойындары туралы жаңа ақпарат.

2. Оқыту әлеуметтік білім жүйесін игеруден, әртүрлі қауымдастықтардың ерекшеліктерін ажырата білуден, олардың дамуының бірегейлігінен және т. б. тұрады.

3. Кеңес беру білім алушылардың ерекше қызығушылығын тудыратын әлеуметтік проблемалардың әртүрлі тақырыптарын қозғайды.

Ұсынылған сабақтардың танымдық және дамытушылық бағыты тек әлеуметтік қасиеттердің дамуын ғана емес, сонымен қатар олардың жеке өсуін де қамтиды.

Сабақтың ойын формасының артықшылықтарын біз мыналарды анықтадық:

1. Дәстүрлі емес оқыту жас ерекшеліктеріне және бастауыш сынып оқушыларының қызығушылықтарына сәйкес келеді, олардың танымдық белсенділігін арттырады.

2. Сабақ барысында мұғалім мен оқушылардың ұстанымдары теңестіріледі.

3. Қолайлы қарым-қатынас климаты құрылады, онда әр адамға тән қарым-қатынас пен мінез-құлық стратегиялары мен тактикасы қолданылады.

4. Балалардың дербес зерттеу-іздігіру қызметінің процесі өзектендіріледі.

Сабақ барысында қызығушылықты қамтамасыз ететін бірқатар қажеттіліктер іске асырылды:

- басқа балалармен эмоционалды қарым-қатынас жасау қажеттілігі, бұл олардың қарым-қатынасын өзара мейірімді және эмоционалды түрде бояйды;

- ынтымақтастыққа деген қажеттілік бірлескен ойын іс-әрекеті процесінде білім алушылардың белсенділігін іске асыруға, олардың өзара сыйластығы мен өзара сыйластығына бағытталған;

- шығармашылық қызметке деген қажеттілік шығармашылық дағдыларды жүзеге асырады, балаларды сабақ барысында жасалатын барлық нәрсеге шығармашылықпен қарауға итермелейді;

-өзін-өзі растау қажеттілігі балалардың өз құрдастарының, мұғалімдерінің көз алдында ғана емес, сонымен бірге өз пікірінде де сенуге деген ұмтылысында көрінеді.

Біздің сабақтар барысында оқушылардың бірлескен іс - әрекетінің келесі психологиялық-педагогикалық сипаттамалары жүзеге асырылды:

-оқушылардың қоғамдық мүдделерге деген көңіл-күйін болжаған мақсаттылық;

- мотивация оқушылардың сабақ аясында ұсынылған проблемаға белсенді қызығушылық танытты;

- ұйымшылдық кіші мектеп оқушыларының бірлескен іс-әрекеттерді орындау тәртібіне бағынуын, реттілігін білдірді;

- үйлесімділік оқушылардың өзара үйлесімділігінде, ойнауында, өз іс-әрекеттерін көпшілікке бағындыру қабілетінде пайда болды.

- тәуелсіздік бастауыш сынып оқушыларын өздерінің бастамасы бойынша олар үшін ең үлкен танымдық белсенділіктерін қалыптастыратын ақпаратты іздеуді жалғастыруға итермелеу болды;

- нәтижелілік балалардың бірлескен күш-жігермен оң нәтижеге жету қабілетін анықтады.

Ал тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындылау кезеңінде бастауыш сынып оқушыларының дене шынықтыру сабағында ұлттық- қозғалмалы ойындар арқылы танымдық белсенділігі дамуының деңгейін анықтау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелерін салыстыра отырып байқадық. Біз аталған дамудың мотивациялық, мазмұндық, процесуалдық компоненттеріне сәйкес төменгі, орташа, жоғары белсенділік деңгейлерін айқындағанда ғана нәтиженің тиімді болатынына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://adilet.zan.kz/rus>. 13.05.2019.

2. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 31 қаңтар 2017 ж. // <http://www.akorda.kz/kz/addresses/address>. 25.03.2018.

3. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, 17 қаңтар, 2014 ж. // <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2014/01/18012014-web.pdf>. 12.04.18.

4. Закон Республики Казахстан. О физической культуре и спорте: принят 13 декабря 2019 года №228-VI // <https://online.zakon.kz>. 15.03.2020.

5. Сармантаев А., Ишанов П. Бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін арттырудағы ұлттық қозғалмалы ойындардың орны // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. – №7(70). – Б. 117-121.

6. Ботағариев Т.А., Кубиева С.С. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: оқу құр. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2010. – 232 б.

Утебаев А.Д., магистрант

Садықов К.И., д.м.н., профессор

Саликов Н.К., м.п.н., ст.преподаватель

Карагандинский университет Букетова, г. Караганда

Хамзин Н.О., учитель физической культуры высшей категории

КГУ "Школа-интернат имени Абая" отдела образования Актогайского района управления образования Карагандинской области, с. Абай

РОЛЬ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА В ФОРМИРОВАНИИ ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ